

"Қазақстан-Қиыр Шығыс" Сауда Үйінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1994 жылғы 31 тамыз N 974. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 781 қаулысымен

Россияның Қиыр Шығыс облыстарымен, Тынық мұхит аймағы елдерімен сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытуға Қазақстан Республикасының мүдделілігін ескере отырып, сондай-ақ қазақстандық кәсіпорындар мен ұйымдардың сауда-экономикалық қызметін үйлестіру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Қазақстан-Қиыр Шығыс" Сауда Үйіне аталған аймақтарда өзін-өзі қаржыландыру арқылы Қазақстан Республикасы Сауда өкілдігінің мынадай міндеттерін орындауға рұқсат етілсін:

нарық талдауларын жүргізу, Россиядан және басқа елдерден қазақстандық кәсіпорындар мен ұйымдар үшін әріптестер іздестіру, өзара ынтымақтастықты дамыту мақсатында олардың әлеуметтік мүмкіндіктерін зерделеу, Қазақстан Республикасынан жөнелтілетін жүктердің Тынық Мұхит жағалауы порттары арқылы, оның ішінде Хабаровск қаласындағы өзен портынан "өзен-теңіз" үлгісіндегі кемелермен өтуін қамтамасыз ету, қазақстандық фирмалар мен ұйымдарға кешенді қызмет көрсету.

2. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі "Қазақстан-Қиыр Шығыс" Сауда Үйіне жүктелген қызметтерді орындауда көмек көрсететін болсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-министрі